

1998 жылдың 15 тамыздағы N 03-2 ОД бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 1999 жылғы 17 мамыр N 28-ОД бұйрығы. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 30 шілдедегі N 185-НҚ бұйрығымен.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы заңының 28 бабын басшылыққа ала отырып, Бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетінің Төрағасы - Қазақстан Республикасының Министрінің 1998 жылдың 15-ші тамыздағы N 03-2 ОД бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылдың 5 қарашадағы 634 нөмірмен тіркелген "Табиғи монополия субъектілерінің қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) өндіру мен көрсету бағаларын (тарифтерін) есептегенде ескерілетін шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі туралы нұсқаулығына" мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 2 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші сөйлемнен "тәуелсіз сарапшы" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші сөйлем мынадай редакцияда берілсін:

"Табиғи монополия субъектісі тапсырған техникалық негіздемелерді сараптаудан өткізуге, Өкілетті орган Білікті органды немесе тәуелсіз сарапшыны т а р т у ғ а қ ұ қ ы л ы " .

15-ші тармақтың 7-ші азат жолы алынып тасталсын.

2. Табиғи монополияларды реттеу департаменті (Попандопуло Е.Н.) осы бұйрықтың белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізуін қамтамасыз етсін.

3. Ұйымдық-кадрлар бөлімі (Герасимова Е.Н.) осы бұйрықты аумақтық комитеттерге және Мемлекеттік тізімнің республикалық тарауына енгізілген табиғи монополия субъектілеріне жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Төрағаның орынбасары Е.А.Пушкареваға жүктелсін.

Төраға

